



## БҰЙРЫҚ

2023 ж 27. 01

Павлодар қаласы

## ПРИКАЗ

№ 2-02/48

город Павлодар

### Х ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференцияны өткізу туралы

Оқушылардың және студенттердің шетел тіліне деген қызығушылығын арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, жеке тұлғаның өзіндік дамуына ықпал ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің базасында 2023 жылғы 24 ақпанда облыс, республика және тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері мектептерінің 10-11 сынып оқушылары, колледж студенттері арасында шет тіліндегі «Жеке тұлғаның және қоғамның шығармашылық әлеуетін дамыту» Х ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясы өткізілсін.

2. Х ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференцияны өткізу туралы ереже (1-қосымша), ұйымдастыру комитетінің құрамы (2-қосымша) бекітілсін.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру бойынша оқу-әдістемелік кабинеті (А.Ж. Иманшарипова) мен Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің басшысы (М.К. Шабамбаева) Х ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференция өткізу үшін материалдық-техникалық базаны дайындауды қамтамасыз етсін.

4. Облыстың мектеп (келісім бойынша), колледж басшылары оқушылар мен студенттердің конференцияға қатысуын ұйымдастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары Г.К. Башироваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

С. Айтказина

Бұйрықпен таныстырылды:

Г. Баширова

А. Иманшарипова

004042

**«Жеке тұлғаның және қоғамның шығармашылық әлеуетін дамыту»  
X ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференцияны өткізу туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ереже**

1.1. Павлодар облыстық білім беру басқармасы Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі базасында 2023 жылдың 24 ақпанында облыс, республика және тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері мектептерінің 10-11 сынып оқушылары, колледж студенттері арасында шет тіліндегі «Жеке тұлғаның және қоғамның шығармашылық әлеуетін дамыту» X ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясын (бұдан әрі - Конференция) өткізеді.

1.2. Конференция дарынды оқушылар және студенттерді анықтау, дамыту және қолдау, оларды ғылыми зерттеулерге тарту мақсатында өткізіледі.

1.3. Өзектілігі:

Әлемде жаһандану үдерісі қарқын алуда. Білім алушы – жас ұрпақ бәсекеге қабылетті, халықаралық білім кеңістігіне еркін шығуы қажет. Бұл – біздің қоғамның негізгі мақсаты: ұлттық зиялы қауым қалыптастырумен ұштасады.

**2. Конференцияның мақсаты мен міндеттері**

2.1. Мақсаты: Білім алушылардың шетел тілінде ғылыми терминдерді меңгеруі, ойын еркін жеткізуі, ұлттық жалпы адамзаттың құндылықтарды тіл арқылы еркін игеру.

2.2. Міндеттері: Оқушылардың және студенттердің шетел тіліне деген қызығушылығын арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, жеке тұлғаның өзіндік дамуына мүмкіндік жасау.

2.2. Оқушыларды және студенттерді кәсіби дайындауда колледждер арасындағы тәжірибе алмасуға жағдай жасау, кәсіби қарым-қатынас аясын кеңейту.

2.3. Оқушылар мен студенттер қарым-қатынас мәдениетінің, пікір-талас және эмоционалдық-құндылық қатынастарды жетілдіру үшін жағдай жасау.

**3. Конференцияға қатысушылар**

3.1. Конференцияға қатысушылар облыс, республика және тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері мектептерінің 10-11 сынып оқушылары, колледж студенттері.

3.2. Конференцияға қатысушылар ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды ұсынады:

- тіркелу нысаны;
- жарияланатын мақала.



#### **4. Конференцияны ұйымдастыру мен өткізу тәртібі**

4.1. Конференция жұмысы өзінің ғылыми және зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша қатысушылардың онлайн қатысуымен Zoom платформасы арқылы бейнеконференция нысанын, конференция материалдарының электрондық жинағында мақала жариялауды қарастырылған.

4.2. Қатысушылар таңдалған тақырыбы бойынша конференция секциясымен бекітілген бағытта жеке зерттеу (жеке зерттеу жұмысы және жеке ұсыну) немесе зерттеу тобы құрамында (2 адамнан кем емес, ұжымдық зерттеу жұмысы және ұжымдық немесе жеке ұсыну) жүргізе алады.

4.3. Өз жұмысын көпшілік алдында қорғау үшін қатысушыға 5 минут және талқылау үшін 2 минут уақыт беріледі.

4.4. Конференцияға келесі секциялар бойынша жұмыстар қабылданады:

- 1) «Қазіргі лингвистиканың өзекті мәселелері».
- 2) «Қазіргі әлемдегі елтану мен мәдениеттің өзекті мәселелері».
- 3) «Шет тілін оқытудың заманауи әдістемесі» - диалогтық алаң.

4.7. Ұсынылған жұмыстарды бағалау үшін әрбір секцияда жоғары оқу орындарының өкілдерінен тұратын сараптау комиссиясы құрылады, олардың құрамына ЖОО өкілдері/ филология ғылымдарының докторлары мен кандидаттары кіреді.

#### **5. Жұмыстарды бағалау критерилері**

- 1) Тақырыптың өзектілігі;
- 2) Конференция тақырыбына баяндама мазмұнының жалпы сәйкестігі;
- 3) Жұмыстың ғылыми және тәжірибелік құндылығы;
- 4) Баяндаудың логикалық реті, аргументтердің нанымдылығы;
- 5) Пікірдің дербестігі;
- 6) Ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдануы;
- 7) Баяндамашының сөйлеу мәнері (анық құрылымы, логикалық реті, сауаттылығы және сұрақтарға толыққанды жауап беруі);
- 8) Баяндамашының тыңдармандарға әсер етуі (сөзі, мимикасы, өзін-өзі ұстауы);
- 9) Зерттелген материалды сұрақтарға жауап арқылы терең меңгеруі (мысалы: тарихи, аймақтық, халықаралық аспектілер).
- 10) Шетел тілін меңгеруі.

#### **6. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

6.1. Конференцияда қатысушының онлайн сөйлеген сөзі әзірленген критерийлерге сәйкес бағаланады.

6.2. Қатысушылардың онлайн сөйлеген сөздерін тыңдау аяқталғаннан кейін әрбір секция бойынша жеке сараптама комиссияларының отырыстары өткізіледі және қорытындылары шығарылады.

6.3. Сараптама комиссияларының шешімдері хаттамаланады және түпкілікті болып табылады.

6.4. Конференция жұмысына қатысты шағымдар мен ескертулерді ұйымдастыру комитеті секциялар жұмыс істейтін күні қабылдайды.

6.5. Конференцияға қатысушылардың барлығы конференцияға қатысушы сертификаттарын алады.

6.6. Әр секцияның жеңімпаздары дипломдармен марапатталады.

Білім беру басқармасының  
2023 ж. «27» 01  
№ 2-02/48 бұйрығына  
2-қосымша

**X ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясын  
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

1.	Айнур Жумабаевна Иманшарипова	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі
2.	Гульнар Алтаевна Баймуханова	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері
3.	Жумагуль Темиргалиевна Хлыстун	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері
4.	Мираш Камзеновна Шабамбаева	Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің басшысы
5.	Касымова Бакыт Мауленовна	Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары
6.	Алтын Агнасовна Смаилканова	Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі басшысының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары
7.	Нуржан Кайратович Конкаев	Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжінің бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша маманы



**ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ**  
**Б.АХМЕТОВ АТЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ**

**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледж базасында 2023 жылдың 24 ақпанында облыс, республика және тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері мектептерінің 10-11 сынып оқушылары, колледж студенттері арасында шет тілінде «Жеке тұлғаның және қоғамның шығармашылық әлеуетін дамыту» Х ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясы өткізіледі.

Конференцияға қатысу үшін облыс, республика және тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері мектептерінің 10-11 сынып оқушылары және колледж студенттері шақырылады.

Конференцияға келесі секциялар бойынша жұмыстар қабылданады:

- 1) «Қазіргі лингвистиканың өзекті мәселелері»
- 2) «Қазіргі әлемдегі елтану мен мәдениеттің өзекті мәселелері»
- 3) «Шет тілін оқытудың заманауи әдістемесі» - диалогтық алаң.

Конференция тілдері: ағылшын және неміс.

Конференция материалдарын жариялау үшін 2023 жылдың 12 ақпанына дейін <http://www.ped-kollege.edu.kz/> колледж сайтында «Әдістемелік қызмет» бөліміндегі «Х ғылыми-тәжірибелік қашықтық конференциясына тіркеу формасы» қосымша бетінде тіркелу қажет. Осы тіркеу нысанында барлық жолдарды толтыру және Microsoft Office Word редакторында (2010-2020) терілген А4 форматындағы мәтін көлемі 5 беттен аспайтын мақаланы жүктеу қажет. Файл атауында автордың тегі және секцияның реттік нөмірі болуы керек, мысалы, Ахметова\_1. Конференцияның қатысушысы тек бір ғана ғылыми мақала (жеке немесе бірлескен авторлықта) ұсына алады.

Материалдарды ресімдеу талаптары:

• қаріп Times New Roman, KZ Times New Roman (12 pt) шрифтiмен; интервал – бір рет: жоғары жақ – 2,5 см., төменгі жағы – 2,5 см., сол жақ – 3 см, оң жақ – 2 см, абзац – 1 см.;

• беттің жоғары жағы – баяндама атауы, оның астында, бір интервалдан кейін, автордың тегі мен аты-жөні, оқу орны және қала, содан кейін, бір интервалдан кейін мәтін;

• формулалар Microsoft Equation формулалар редакторында орындалуы тиіс, суреттері (ақ-қара, реңсіз), 300 dpi кем емес JPEG, JPG форматта сканерден өткізілген.

• әдебиет тізімі мәтін аяғында және тізім тәртібіне сәйкес жазылу керек.

Мәтіндегі әдебиет сілтемелері осы жұмыстың әдебиет тізіміндегі нөмірге сәйкес нөмір түрінде, «шаршы» жақшаларға алынады. Сілтемелерде қолданғанда алынған әдебиет көзі көрсетілуі тиіс. Мысалы: [ 1, 12 б].

**Мақаланы рәсімдеу үлгісі:**

**The Influence of Advertising**

Makisheva S. M.

Scientific adviser: Arynova R. Ye.

Pavlodar Pedagogical College named after B. Akhmetov

**References:**

1. ....
2. ....

Жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтаумен мұқият редакцияланған түрінде материалдарды ұсыну қажеттілігін назарларыңызға саламыз. Жауапты хатшы материалдар талапқа сай ресімделмеген жағдайда оны құптамауға құқылы. Мақаланың жариялануы туралы оң немесе теріс шешім жөнінде ақпаратты жауапты хатшы мақаланы ашу сәтінен екі тәулік ішінде электронды мекенжайыңызға жібереді.

Кеңес алу үшін мына мекенжайға хабарласуға болады: Павлодар қ., Михаил Исиналиев к-сі, 6/9, 203 кабинет, әдістемелік бөлім немесе тел. 8 (7182) 618-165, 8 (7182) 618-167, 8 705 165 70 73 (Смаилканова А.А.).